«MIR» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы педагогикалық кеңестің кезекті отырысы

## ХАТТАМА №1

Түрі: слайд - баяндама

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы балабақша табалдырығында»

Мақсаты: оқыту-тәрбиелеу процесін жақсарту және бағдарламаның тапсырмаларын игеру, оларды жүзеге асыру жолдарын қамтамасыз ету.

Қатысқандар саны: 16

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, перспективтік жоспарымен, күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
3. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
4. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап, тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
5. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
6. Жаз уақытында өткізілген жұмыстарды талқылау
7. Мамандардың іс-тәжірибесімен бөлісуі.
8. Педагог-психолог маманнан тренинг.

Scanned with CamScanner

1. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Жиенбаева М.Б педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы төраға, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты.

Педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып, 2022-2023 оқу жылында жауапты хатшы болып Шакирова А.М болғандығын айтып өтті.

Сөз сөйлеген: әдіскер Едигина Ж.О

Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде Рахатова Арайлымды сайлауды ұйғарды.

Шешім:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі төраға, әдіскер, психолог, музыка жетекші дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Рахатова сайлансын.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жылдық жоспардың бөлім жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағытын мақсат-міндетімен ...

Тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып іс тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

1. Сөз сөйлеген:
Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

2. Сөз сөйлеген:
Әдіскер 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің міндетін атқарушы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен толықтырулар) бекітілгендігін айтты.

Шешім:
1. 2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесінен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайынғы айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, әрекеттің күнтізбелік кестесі және перспективтік жоспардыда бекітті. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары

мен жұмыстағы, перспективтік жоспары және жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жыл барысында.

3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін жеке даму картасын жылына үш рет жүргізуі қажеттігі айтылды. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері.

3. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Жилкибаева М.Б 2023-2024 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын сайлап бекіту керектігін айтты. Педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғаларды 2 санатқа аттестаттаудан өт... үшін білім беру ұйымдарында аттестаттау комиссия... құрылады. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттес... тау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттеста... тау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педаго... қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелер... тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жыл... бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайла... мыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді орт... салсаңыздар

1. Сөз сөйлеген:

Аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде білім бе... ұйымының басшысы сайланады. Сондықтан аттестатта... комиссиясының төрайымы болып, мүшелері ретінде ж... бірінші санатты тәжірибелі тәрбиешілер сайлауды ұ... мын деп сөзін аяқтады.

Scanned with CamScanner

Шешім:

1. Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып балабақша меңгерушісі, төрайымының орынбасары әдіскер, мүшелері болып тәрбиешілер сайлансын. Комиссия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

4. Тыңдалды:

Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Сол себепті, тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаңыздар.

Шешім:

Мектепалды тобының тәрбиешілері тәлімгер тәрбиеші болып тәрбиешілерге бекітілсін. Тәлімгер тәрбиешінің жас маманмен оқыту жоспары құрылып, балабақшаның әдіскер кабинетіне тапсырылсын. Жауапты әдіскер Едигина Ж.О

5. Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітті.

Шешім:

Оқу жылы барысында дамыту орталығында әр топқа жауапты тәрбиеші мамандар бекітілді.

5. Тыңдалды:

Соңғы уақытта жасалған жұмыстарды еске алып өтсек. Балалармен ойын іс-әрекеті арқылы көптеген жұмыстар

Scanned with CamScanner

жасалды.

Шешім:

Жазғы жұмыс жоспары бойынша барлық істер атқарылды.

6. Тыңдалды:

Мектепалды даярлау тобының тәрбиешісі Асадуллина Р.
жаңа бағдарлама бойынша өз слайд және көрнекілік
арқылы жұмыстану «Таным» саласы бойынша балалармен ойын іс-әрекетін өткізу. Түсті, сандарды және денені шынықтыру іс-әрекетін бірге дамытатын ойын арқылы көрсетті. Тәрбиешілер толықтай ойынға атсалысты.

Ересек тобының тәрбиешісі Молдасариева М.М «Ұлттық нақышты дамыту» тақырыбында тәрбиешілерге фетрдан қиылған ою-өрнек пазлы құрастыруға берді. Тәрбиешілер 2 топқа бөлініп жұмыстанды.

Ортаңғы топ тәжірибешісі «Театр түрлері» тақырыбын тұтанды. Театр түрлерін көрсетіп, тәрбиешілермен бірге «Пантомима» театры туралы ойын ойнатты. Және слайд арқылы осы тақырыпты толық ашып түсіндіріп өтті.

Шешім:

Берілген тапсырма бойынша педагогтар барлығын толық қамтыды.

7. Тыңдалды:

Ортада балабақша психологы Шакирова А. М өз ісіндегі әріптестерін жаңа оқу жылынан қатысқан, өз тренингінің барысын түсіндірді.

Шешім:

Тренинг педагогтардың барлығына ұнады. Жақсы бой жазып, көңілді тренинг болды. Келесі педагогикалық кеңесте будан да қызықтырақ тренинг пен ойындар ұйымдастырылсын!

Төрайымы: Жиенбаева М.Б

Хатшы: Рахатова А.Б